

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

"Үй құстары" ашық оқу қызметіЖАРИЯЛАНДЫ
09.09.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/81115/>**Білім беру саласы:** Таным.**Оқу қызметі:** Жаратылыстану.**Тақырыбы:** Үй құстары.

Мақсаты: Үй құстарын атап, дала құстарымен үй құстарының ерекшеліктерін аңғарту. Олардың адамға тигізер пайдасы туралы айту. Құстарды күтуге, баптауға тәрбиелеу, ойлау, тыңдау қабілеттерін жетілдіру.

Билингвалды компонент: әтеш-петух, тауық-курица, балапан-цыпленок.**Көрнекілігі:** Тауық қора, үй құстары, жұмыртқасы, ләпбук, слайдтар.

Оқу қызметі

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

<p>Мотивациялық қозғаушылық</p>	<p>Сәлемдесу үш тілде.</p> <p>Балалардан жыл мезгілін сұрайды. Табиғат құбылыстарын сұрайды. Балалардың назарын экранға аудару. Экраннан үй құстарының суреттерін көрсетеді.</p> <p>— Бұл құстар қандай құстар? — Құстар екіге бөлінеді: үй құстары және дала құстары.</p> <p>-Бұл құстарды неліктен үй құстары деп атайды?</p> <p>- Құстар сөйлей білмесе де өздеріне тән дыбыстар шығарады, мысалы: әтеш шақырады, тауық қытқыттайды, балапан шиқылдайды.</p> <p>Үнтаспадан дыбыстарды тыңдатады. Үй құстарының пайдасын, қалай күтіп баптау керектігін түсіндіреді.</p> <p>— Үй құстары мен дала құстарының қандай айырмашылықтары бар? Тауық қорадағы балапанның даусын естіріп балапанға көмектесулерін өтінеді. Балапанның анасын табуға қалай көмектесеміз ол үшін барлығымыз балапанның даусын салайық. Осы кезде тауық келеді. Тауық балапанының даусын естіп келгенін айтады. Балапанына көмектескендеріне рахмет айтып балаларға «сиқырлы кітап» береді. Тауық балалармен қоштасып шығып кетеді.</p> <p>-Бұл сиқырлы кітаптың ішінде не бар екен ашып көрейік. Бұл кітаптың ішінде сендерге тапсырмалар бар екен. Осы тапсырмаларды орталықтарға бөлініп орындайық.</p> <p>Үш орталыққа бөлінеміз.</p> <p>Өнер орталығы: балапанның суретін бояймыз.</p> <p>Әдебиет орталығы: тақпақ жаттаймыз.</p> <p>Үстел үсті орталығы: құстарды өз үйіне орналастыр .</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?»</p> <p>Шарты: Балалар сурет ішінен артық затты табады.</p> <p>— Балалар біз бүгін қай орталықтарда жұмыс жасадық?</p> <p>-Қай орталықтың жұмысы ұнады?</p> <p>-Біз не жайлы білдік?</p> <p>Балаларды мадақтап оқу қызметін аяқтау.</p>	<p>Балалар сәлемдеседі</p> <p>Қыс. Күн суытады, қар жауады.</p> <p>Үй құстары</p> <p>Адамдар асырағандықтан үй құстары де</p> <p>Үнтаспадан дыбыстарды тыңдап, ненің екенін табады.</p> <p>Айырмашылығын атайды.</p> <p>Көмектесуге келіседі. Балапанның даусын салады</p> <p>Балалар кітапқа қызыға қарайды</p> <p>Орталықтарда жұмыс жасайды</p> <p>Қимылдар жасайды.</p> <p>Артық затты табады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Балалар үш тілде қоштасады.</p>
<p>Изденуші-ұйымдастырушы</p>		
<p>Рефлексиялық түзетушілік</p>		

Күтілетін нәтиже:

Түсінеді: үй құстарының пайдасын.

Біледі: үй құстарына қамқорлық жасауды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.